Сыр бойы

7 | қаңтар сейсенбі | 2014 жыл №1(18695) | Қызылорда облыстық газеті | 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады | www.syrboyi.kz

РОЖДЕСТВО МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев православие мерекесіне орай құттықтау жолдады. «Құрметті отандастар! Сіздерді ұлы православие мерекесі – Рождество күнімен шын жүректен құттықтаймын», – делінген құттықтауда. – Біздің көпұлтты мемлекетімізде мұсылман мерекесі – Құрбан айт, Христиандық рождество, шығыстың Жаңа жылы және басқа да ұлттық діни мерекелер салтанатты түрде аталып өтеді. Бұл біздің тәуелсіз елімізді мекендеген көптеген этностардың арасындағы берік достықтың, толеранттықтың айқын дәлелі болып табылады.

Православиелік христиандық және ислам біздің мемлекетіміздегі негізгі діндердің бірі. Екі дін де адамгершілікке, еңбексүйгіштікке және төзімділікке шақырады. Рождество мерекесі күні бір-біріне сыйлық жасап, ізгілік, қайырымдылық үлгі-өнегесін тарату дәстүрдің біріне айналған. Осынау қастерлі мереке күні Сіздерге ізгілік, мықты денсаулық пен бақыт тілеймін. Біздің елімізде әрдайым өзара түсіністік пен халықтар достығының рухы өшпесін!

ӘКІМДЕРДІҢ ЕСЕБІ – ХАЛЫҚ ПІКІРІМЕН ҚҰНДЫ

Жексенбі күні облыс әкімдігінің мәжіліс залында аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен селекторлық мәжіліс өтті.

Облыс әкімі Қ.Көшербаев селекторлық жиынды жаңа жыл жетістіктерге толы болсын деген ағы тілегімен ашып, ол үшін біз аянбай еңбек етуге тиіс екендігімізді еске салды. Жиында екі мәселе қаралатынын атап өткен аймақ басшысы сөз кезегін хабарламашыларға берді.

Алдымен барлық аудан әкімдері мен қала басшысы өңір жетекшісіне Жаңа жыл мерекесі күндерінде аймағымызда ешқандай төтенше жағдай орын алмағанын жеткізді. Жалпы, облысымыздағы қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Сонымен қатар, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында кейбір азық-түліктің бағасы сәл өскенімен, мейрам өтісімен оның бұрынғы қалпына келгенін, Сырдария өзені бойындағы қауіпті деп саналған барлық учаскелер бақылауда тұрғанын, 30-ға жуық қауіпті жерде кезекшілік қойылғанын баяндады. Өзеннің Шиелі ауданындағы бөлігінде сең жүріп жатса, Арал және Қазалы аудандарында қатқан мұздың қалындығы 15 сантиметрге жеткен.

Ал, 31 желтоқсан мен 3 қаңтар аралығында облыстық медицина орталығы мен қалалық емхананың травматология бөліміне барлығы 235 адам медициналық көмекке жүгініпті. Оның 100-ден астамы тұрмыстық жарақат алса, 8-і жол-көлік оқиғасының кесірінен денсаулығына нұқсан келтірген. Ал, көшедегі көктайғақтан зардап шеккендер саны - 125. Аймақ басшысы қала әкіміне кісі көп жүретін сауда орталықтары алдын қар мен мұздан тазалау ісіне ерекше көңіл бөлуді жүктеді.

Өз кезегінде облыстық ішкі істер департаментінің басшысы Жанарбек Бақтыбаев мереке күндері түрғындар тарапынан ешқандай теріс әрекетке бару фактісі тіркелмегенін жеткізді.

Келесі мәселе бойынша хабарлама жасаған облыс әкімі аппаратының жетекшісі Қанатбек Жайсаңбаев ақпан айында өтетін есеп беру жиыны, оған барлық аудан және қала әкімдерінің дайындығы туралы тарқатып айтты. Селекторлық жиынды қорытқан облыс әкімі Қ.Көшербаев аппарат басшысына әкімдердің халыққа есеп беру жиындарын жоғары деңгейде өткізуді тапсырды.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ» – ЖАҢА КӨЛІКТЕР

Жылқы жылы жедел жәрдем қызметкерлері үшін жағымды жаңалығымен келді. Жаңа жылдың алғашқы жексенбісінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аудандық, қалалық «Жедел жәрдем» станция өкілдеріне 26 реанимобильдің кілтін тапсырды.

Орталық алаңда өткен шарада аймақ басшысы жиналғандарды жаңа жылмен құттықтай келе, денсаулық сақтау саласында автоматтандырылған диспетчерлік-ақпарат қызметін енгізу, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету сияқты бірқатар жетістіктермен қатар биыл ашылатын жаңа медициналық нысандарды да атап өтті.

Салтанатта «Қызылорда облысының құрметті азаматы», сала ардагері Ернияз Омарұлы дәрігерлер атынан алғысын білдіріп, Жылан жылында аймақ басшысының қолдауы арқасында медицина саласында игілікті шаралардың мол болғанын тілге тиек етті.

«Саламатты Қазақстан» бағдарламасы аясында арнайы мамандандырылған 14 санитарлық көлік аудандарға жол тартса, қалғаны облыс орталығында жедел қызмет ету үшін беріліп отыр. Реанимобильдер қажетті медициналық құрылғылармен жабдықталған.

Нұрбек САҒАТҰЛЫ.

● ӨНІР ӨНДІРІСІ

АЛЫП ЗАУЫТТЫҢ АДЫМЫ

Жаңақорған ауданы Кейден ауылының іргесінен бой көтерген күкірт қышқылы зауыты Сыр өңіріндегі аса ірі индустриялық-инновациялық жобаның бірінен саналады. 2006 жылы қазығы қағылып, құрылысы басталған аталмыш алып өндіріс орнының қаржылай қолдауын бірнеше шетелдік инвесторлар қолға алғандығы да оның халықаралық маңызының зор екендігін білдірсе керек. Аталмыш ауқымды жобаға жапон елінің «Марубени», «Тепко» және Канаданың «Uranium One» корпорациялары қатысты.

Зауыттың құрылысы құрамында Францияның «General Elektrik» фирмасының турбогенераторлық қондырғысының орналастырылғандығы да оның пайдалылығын арттыра түсті деп ойлаймыз. Өйткені, осы қондырғы арқылы арзан электр қуаты өндіріске, одан артылғаны жергілікті тұрғындарының тұтынуына да жаратылады.



Қысқаша «СКЗ – U» деп аталынатын аталмыш өндіріс ошағын салуға бастапқыда 216 млн. АҚШ доллары жұмсалынады деп жобаланған болатын, ол, әрине, толықтай игеріліп, былтырғы жылдың желтоқсан айынан бастап, өндіріс орны өз өнімін бере бастады. Бұл жобаның алдын ала жоспарланғанындай болғандығын көрсетеді.

Аталуынан белгілі болып отырғандай зауыт негізінен жерасты байлығын өзге қоспалардан сілті қышқылы арқылы айырып алатын өнеркәсіп орындарының сұранысын қамтамасыз етуге тиіс. Ол үшін басты шикізат болып табылатын күкірт химиялық заты Атыраудан алдырылады. Шикізатты алдыру үшін алдын ала ол жақпен келісімшарт жасалынып, барлық дайындық жұмыстары қатар өрбітіліп келеді. «СКЗ – U» өз жоспарына сай алдырылған шикізатты пайдалана отырып, тәулігіне 1500 тонна күкірт қышқылын өндіруге тиіс. Шығарылған өндірістік өнім Жаңақорған ауданындағы негізінен уран өндіретін «Байкен - U», «Қызылқұм» ЖШС-ларында және Шиелі ауданындағы №6 кен басқармасында қолданылады.

Нақты кезеңде зауытта білікті мамандармен қатар, көптеген жергілікті тұрғындар еңбек етіп келеді. Осы шаруаның ағілігі үшін зауыттың бас директоры Мәдіхан Бекжанов бас болып, жергілікті жастардан өндіріске аса қажет мамандарды өз қаржысы есебінен оқытып, маман кадр дайындауға күш салып отыр. Зауыт жанынан тұрған үй қалашығының және күн көзінен қуат алатын қондырғының салынуы ондағы қамқорлық аясының кеңи түскендігін білдіреді. Сонымен қатар, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік қажеттілігіне де өз үлесін қосып отыратындығын атап айтқан жөн болар. Бұл секілді жұмыстардың жалғаса түсетіндігіне және де өндіріс орнының экологиялық залалсыз жұмыс жүргізіп, қажетті өнім өндіре беретіндігіне сенім мол.

Ғани ЕСІМОВ,
«СКЗ – U» зауыты күрделі құрылыс бөлімінің бас маманы.

ҚАЗАЛЫДА ҚҰРЫЛЫС ҚАНАТ ЖАЙДЫ

Қазалы қазір адам танымастай өзгерді. Көлемі де ертегі кейіпкеріндей сағат сайын өспегенмен, жылдан жылға ұлғая түсуде. Бұрын шет аймақ аталатын бөліктерінен енді күрке соғар бос жер таппайсыз. Қайда қарасаңыз да, жанарыңызға зәулім үйлер, еңселі нысандар шалынады. Шатыры күнмен шағылысқан коттедждерге жүртшылықтың әбден еті үйренген. Қысқасы, Қазалыда құрылыс салу ғарыштық жылдамдықпен жүргізілуде десек, әсірелеу емес.

Жуырда кент тұрғындары зор қуанышқа бөленді. Аудан орталығындағы байырғы №170 мектептің ашылу рәсімі өткізілді. Бұған дейін ескі нысанда амалсыздың күйін кешкен мұғалімдер қауымының шаттығында шек жоқ. Жарық та әсем білім ордасында дәріс алатындарына шәкірттер де дән риза. Әсіресе, салауаттылық салтын серік қылған қауымның толғанысы тіпті ерекше. Жоқтан бар жасап келген ұстаздар заманауи спорт залды иеленгендеріне мәз-майрам. Мұның мәнісі де бар. Бокстан қос бірдей Азия чемпионын, Олимпиаданың қола жүлдегерін ұшырған қазалылық бапкерлердің бабы келіссе бағы жанатынына ешқандай күмән болмасы анық.

Іле-шала шалғайдағы бірнеше ауылда дәрігерлік амбулаториялар ашылды. Үлкен жетістік. Елді мекендердегі ауруханалар жабылып, сарсаңға түскен дала перзенттері өшкендері жанып, өлгендері тірілгендей күйге түсті. Қашанда ақпейіл дағдысынан жаңылмайтын, кімге де тура сөйлеуден тайынбайтын ауылдағы ағайынның сәбише қуанғандарына біздің де көңіліміз бұзылды. Аршыған жұмыртқадай мінсіз емханалардың шынайы қожайындары табыларына имандай сендік.

Ұлы ойшыл Аристотельдің «Мемлекет өмір сүруге мүмкіндікті қамтамасыз ету үшін емес, бақытты өмір сүруге мүмкіндікті қамтамасыз ету үшін құрылады» деген даналығын естуіңіз бар шығар. Бұл қағида қазалылықтарға да тонның ішкі бауындай жақын. Кент орталығындағы толымды тірліктер соны меңзейді. Мәселен, биылдың өзінде 14 көшеге асфальт, 4 көшеге қиыршық тас төселді. Оған қоса, 9 елді мекеннің көше жолдарына орташа жөндеу жүргізілді. Ал келесі жылы кенттің 36 көшесін орташа жөндеуден өткізу межеленуде.

Аудан орталығында көңілді елең еткізер ғимараттар баршылық. Жанқожа батыр көшесімен жүрсеңіз, биік күмбезді, алтын айшықты, сән-салтанаты келіскен мешіт құрылысын жолықтырасыз. Маңайға амандылық нұрын себуге арналған нысан халқымыздың дарабоз ұлы, көзінің тірісінде ерлігі аңызға айналған Жанқожа Нұрымбетұлының есімін иеленбекші. Санаулы күндерден соң мешіт ел игілігіне беріледі деп күтілуде. 2005 жылы іргетасы қаланған ғимараттың белгілі себептермен құрылысы уақытша тоқтап қалған еді. Бұл батыр бабасын ерекше қастерлейтін қабырғалы қауымның шымбайына аяздай батқан болатын. Алайда, жоққа жүйрік жете ме? Арада сынапша сырғып айлар, жылдар өтті. Міне, сол күрмеудің түйіні тарқатылатын шақ туды. Мешіт құрылысы жалпыхалықтық шараға айналды. Ел ағалары үндеу тастады. Қалың бұқара бірауыздан қолдады. Нәтижесінде қомақты қаржы жиналды. Біреу тайын, біреу лағын, енді біреу қолындағы барын берді. Осылайша мешіттің жұмысы қайта жанданды. Қазіргі таңда Аллаһ үйінің құрылысын Жанқожа бабамыздың ұрпағы Сәбит Аралбаев басқаратын «Досбол Құрылыс» компаниясы жүргізуде. Орайы түскенде мешіттің негізгі демеушісі, бастамашысы ретінде жерлесіміз Дархан Бердалиевтің өлшеусіз үлес қосқанын атап кетпеу әділетсіздік болар еді. Құрамында намазхана, асхана, оқу, неке қию залы, Құран оқу бөлмесі бар аумақты нысан көпшілік көкейінен табылатыны хақ.

Жуырда өткен алқа мәжілісінде Қазалы ауданының әкімі Бақыт Жаханов құрылыс сапасына баса назар аудару керектігін сала басшыларына қадап тапсырды. Бұған іштей сүйсіндік те. Оған себеп те табылады. Жиында хабарлама жасаған құрылыс бөлімінің басшысы Жалғас Сүйеубаев биылғы жылы көптеген нысандардың іске қосылғанын шолып өтті. Десе де, Жалғас ініміз арендалық екі тұрғын үйдің құрылысы толық аяқталғанымен, коммуналдық меншікке алынбағанына алаңдаушылық білдірді. Біздің түсінгеніміз, бұл үйлерді теңгерімге алу жөнінде тиісті бөлімге ұсыныс беріліпті. Бірақ алыс-беріс актісіне қол қойылмаған. Көңілге қарамайтын, салғыртты аямайтын қақаған қыста адам қоныстанбаған үйдің азып кетері және анық. Ендеше Жалғастың жанайқайы өте орынды.

Сондай-ақ, кентте бой көтерген өзге арендалық тұрғын үйлердің салыну пәрмені бөтен емес. Төбесі жабылып, едені, есік-терезесі орнатылуда. Елді мекендердегі нысандар да аяқталуға жақын тұр. Жалпы, Қазалыда құрылыс қарқын алып келеді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● САУАЛНАМА

ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ, ЖАҢА ЖЫЛДАН ҮМІТ КӨП

Міне, тағы бір жылды тарих қойнауына тапсырып, жаңа жылмен қауыштық. Халқымыз «ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» деп, келер жылдан үлкен үміт күтіп, жақсылықтар тілейді. Ескі жылды шығарып салып, жаңа жылды қарсы алып тұрып әрбір адам баласы өткеніне көз жүгіртіп, істеген ісіне баға береді. Осы орайда өткен Жылан жылы несімен есте қалды, төрге озған Жылқы жылынан не күтесіз деген сауалды бірнеше азаматқа қойған едік.

Аманғелді Әбдібаев, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– Жылан жылы еліміз үшін жаман болған жоқ. Қол жеткізген табыстарымыз, жетістіктеріміз жетерлік. Өткен жылдың ең бір есте қалған сәті өңірімізге Елбасының келуі еді. Қыркүйек айындағы жұмыс сапарында Н.Назарбаев бірнеше нысандарда болып, облыста атқарылып жатқан жұмыстарды көзімен көріп, өзінің оң бағасын бергенін білеміз. Мемлекет басшысының бұл сапары қызылордалықтарға үлкен сенім ұялатты. Азаматтардың тынымсыз еңбегінің арқасында Сыр өңірі абырой биігінен көрініп келеді. Мысалы, жақында ғана белгілі қәсіпкер бауырымыз Абзал Ераливтің Еңбек Ері атағын алуы осы сөзіміздің бір дәлелі. Былтыр өткен инвестициялық форум жұмысы да өзінің оң нәтижелерін көрсетіп жатқанын бұқаралық ақпарат құралдарынан біліп отырмыз. Айта берсек, өткен жылы облысымызда атқарылған жақсы істер баршылық. Жалпы, ескі жыл есіркеді деп айта аламыз. Ал, жаңа жылдан әдеттегідей тек жақсылықтар күтеміз. Өткен жылы орын алған жетістіктер биыл да өзінің ағі жалғасын тапса деп тілейміз. Биыл аймақ басшысының қолдауымен жаңа автопарк салынады деп күтілуде. Жаңа автобустар пайдалануға беріледі деп отыр. Бұл қызылордалықтар куә болатын жақсылықтардың басы ғана деп білеміз.

Гүлмира Сүлейменова, №171 Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектептің директоры:

– Өткен жыл өңіріміздің әр саласы үшін табысты жыл болды десем, артық айтқаным емес. Әсіресе, өзім еңбек ететін білім саласы ауыз толтырып айтатын жағымды жаңалықтарға толы болды. Бірқатар оң өзгерістер орын алды. Мәселен, облыс орталығынан Назарбаев зияткерлік мектебінің ашылғанын мақтанышпен айта аламыз. Бұл білім ордасы заман талабына сай парасатты да білімді ұрпақ тәрбиелеуде орасан зор үлес қосады деп сенеміз. Сонымен қатар, былтыр аймақтағы ұстаздар қауымының мәртебесі асқақтаған жыл болды. Яғни, Жылан жылы облыс әкімінің бастамасымен, ол кісінің тікелей қолдауымен Сыр өңірінің бір топ білікті де білімді әрі тәжірибелі ұстаздары миллионер атанды. Мұны күндіз-түні көз майын тауысып, тынбай ізденіс үстінде жүретін, шәкірттерінің заманауи білім алуы жолында аянбайтын ұстаздар қауымы еңбегінің бағаланғаны, мұғалімдер мәртебесінің айшықталғаны деп білеміз.

Ал, өзім еңбек етіп, басшылық жасап отырған білім ошағының жетістігіне тоқталар болсам, біздің мектептің негізі сонау 1958 жылы қаланған. Сонан бері күрделі жөндеу көрмеген білім ошағы ғимаратына былтыр, яғни, Жылан жылында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл біз үшін үлкен қуаныш болды. Шәкірттеріміздің білім көрсеткіші де жаман емес. Жалпы, өткен жылға өкпем жоқ. Жаңа жылдан да күтер жақсылығымыз көп. Білім бәйгесіне қосар сәйгүліктеріміз оза шауып, бәйге алып, ұжым абыройын асқақтатса екен деймін. Сыр елінде миллионер мұғалімдер қатары молая берсе екен деп тілеймін. Жалпы, Жылқы жылында аймағымыздың барлық саласы арғымақтай оза шауып өсіп-өркендей берсе деген тілек бар!

Дастанбек Садық, «Ақмешіт жастары» газетінің жауапты хатшысы:

– Мінезіміз бен өз кеңістігімізге салып, бажайлай қарасақ, өткен жылы біршама шаруаны игеріппіз. Жылан жылы жылыстап енгеннен жаңалығы мол болды. Әсіресе, жастарға қатысты жағымды жаңалықтар көп. «Қой асығы демеңіз, қолға жақса сақа ғой, жасы кіші демеңіз, ақылы асса аға ғой» демекші, Сыр жастарының басын біріктіріп, олардың жоғын жоқтап, мұның мұндайтын жастар саясаты басқармасы құрылды. Онан бөлек, облыс әкімінің қолдауымен «Ақмешіт жастары» жастар газеті жарыққа шықты. Бұл басылым аймақ жастарының таным көкжиегін кеңейтіп, жастарға қатысты жаңалықтардың жаршысы, Ахмет Байтұрсыновша айтсақ, олардың «көзі, құлағы һәм тілі» болады деп үміттенемін. Ал, жаңа Жылқы жылынан күтер жақсылығымыз мұнан да көп. Жалпы, Жылқы табиғатында жайлы, шаруаға оңтайлы жануар ғой, сондықтан бұл жыл иесі секілді тұрғындар үшін қолайлы, табысты болады деп сенемін.

Сауалнаманы жүргізген:
Айнұр БАТТАЛОВА.

Жедел қызмет пен қауырт еңбек төтенше оқиғалар туындаған кезде қауіптің алдын алатыны, тосқауыл болатыны белгілі. Бұқара халық та осындай жағдайда төтеншеліктерден көмек күтеді. Ол үшін жедел қызметтің дер кезінде ұйымдастырылуы, азаматтардың біліктілігі, іскерлігі мен қызметтердің материалдық-техникалық жағдайының жарақталуы маңызды. Мемлекет басшысы ел азаматтарының қауіпсіздігі үшін қызмет ететін Төтенше жағдайлар министрлігінің жарақталуына ерекше көңіл бөліп отыр. Техникалық жабдықталу деңгейі мен қызметкерлердің кәсібилігі өсіп, іс-әрекеттердің жеделдігі мен үйлесімділігі артуда. Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардан қорғау саласында оқыту үшін қазіргі заманғы технология қолданылады. Халықты ақпараттандыру және хабардар ету әдістері жетілдірілген.

ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖҮГІ ЖЕҢІЛ ЕМЕС

Өткен жылғы 11 айдың қорытындысы бойынша, алдыңғы жылмен салыстырғанда, төтенше жағдайлардың санын /89/ 10,9 пайызға, адамдардың қаза болуын /58/ 13,2 пайызға, зардап шегуін /91/ 25,9 пайызға азайтуға қол жеткізілді.

Шұғыл ден қою қызметтерінің үйлесімді және жедел іс-әрекеттері оқу-жаттығулар барысында тұрақты түрде пысықталады. Төтенше жағдайлар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия отырыстары, Қызылорда облысы әкімдігі және оған қарасты қала, аудан әкімдігі басшылықтарымен төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялар жұмыс істейді.

Төтенше жағдайдың барлық жүйесі үшін аса маңызды оқиғалардың бірі, «Азаматтық қорғау туралы» Заң жобасының бірінші оқылымда мақұлдануы болды. Аталмыш жобада төтенше жағдайлардың алдын алу мәселесі бірінші орында тұр. Онда үлкен экономикалық шығыны бар күтпеген табиғи құбылыстардың өсуі, елдің айтарлықтай аумағының сейсмикалық қауіпті аймақта орналасуы, Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетінің, оның ішінде қауіпті технологиялары бар өндірістер есебінен өсуі қамтылды. Сондай-ақ, заң жобасы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, мемлекеттік материалдық резервтер, апаттар медицинасы саласында мемлекеттік саясатты іске асырудың құқықтық негіздерін ретке келтіреді. Заң жобасының негізгі мақсаты Қазақстанда азаматтық қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесін құру болып табылады.

Сондай-ақ, бизнеске әкімшілік қысым көрсетушілікті айтарлықтай азайту, рұқсат беру құжаттар санын, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулерді азайту бойынша жұмыс жалғасуда. Қазіргі уақытта ТЖМ-ның өртке байланысты рұқсат беру құжаттары 4 есеге дейін азайды. Үкіметтің тапсырмасына сәйкес ТЖМ-ның 7 мемлекеттік қызметі, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында, халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы көрсетіледі. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігі бойынша тексеріс санын азайтуға мүмкіндік беретін қауіп-қатерлерді басқару жүйесі енгізілуде. Нәтижесінде, жүргізілген тексерулердің саны өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 46 пайызға, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында 2 есеге азайды.

Мемлекет басшысы мен Үкіметінің халық қоныстанған аумақтардағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін тұрақты назарда ұстап, олардың кешенді шешіміне көрсеткен қолдаулары арқасында өрт сөндіру деполары салынуда. Қазіргі кезде, облыс бойынша 13 өрт сөндіру депосы, 2 жеке бекет бар. Биылғы жылға Арал ауданы мен Байқоңыр қаласынан өрт сөндіру деполарын салу, оған қоса Жаңақорған және Сырдария ауданындағы өрт сөндіру бөлімдерін күрделі жөндеуден өткізу жоспарлануда. Қазіргі күні өрт сөндірушілер түгелімен 100 пайыз жауынгерлік киімдермен қамтамасыз етілген. Бұл ретте облыстағы өрт сөндіру бөлімдері ҚР ТЖМ тарапынан материалдық-техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Мүдделі мемлекеттік органдармен бірге ТЖМ тарапынан «Қазақстан Республикасының халқы мен мемлекеттік органдарын хабардар ету жүйесін жаңарту» жобасы әзірленді. Елдің барлық аумағында «112» бірыңғай құтқару телефон нөмірі енгізілді. Облыс бойынша «Тыңдаңыздар, бәріңе!» дабылын беру үшін барлығы 30 электросирена (16-сы қалада, 14-і аудандарда) жұмыс жасайды. Дабыл «Қазақтелеком» АҚ телекоммуникация дирекциясы арқылы беріледі. Сондай-ақ, халыққа төтенше жағдайлар туралы жедел ақпараттар аса маңыздылығына сәйкес ұялы байланыс операторлары арқылы SMS-хабарламалары таратылады.

Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында күшті әлеуметтік саясат қана қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ететінін атап өтті. Министрліктің төтенше жағдайлардағы шұғыл медициналық қызмет жүйесінде жүргізген түбегейлі өзгертулері көзге көрінер әлеуметтік серпін берді. Ел аумағында «Денсаулық пойыздары» өз жұмысын жалғастыруда. Көпшілік туған ауылдарынан шықпай-ақ, біліктілігі жоғары мамандардан бірінші сыныптық медициналық көмек алды. Өткен кезеңде медициналық пойыз Қызылорда облысының шалғай жатқан 17 бекетінде тұратын 4506 тұрғынды тексеруден өткізді, оның 877-сі балалар. 33925 диагностикалық емшара жүргізіліп, 75 шағын амбулаториялық ота жасалды. Осы пойыз Қызылорда облысының да барлық шалғай елді мекендерінде болып, шілде айында көпшілікке қызмет етті.

Медициналық шұғыл әрекет ету бригадасының жедел көмегі 2013 жылдың 11 айында 71 рет шақыртуға шыққан. Оның ішінде 44 адамға алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, үш адам ауруханаға жатқызылған.

Денсаулық сақтау саласын дамытудың «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, жолдардағы жарақаттар мен өлім-жітімді азайту, жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендерге дер кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету мақсатында облыста 2 күре жолдық медициналық бекет, биылғы жылы тағы да 1 күре жолдық медициналық бекет қолданысқа беріледі. Қазіргі таңда облыста 2 күре жолдық медициналық құтқару пункттері Қармақшы ауданы Байқоңыр-Қызылорда автожолы бойында, Иіркөл елді мекені тұсынан және Шиелі ауданының «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолы бойынан Бәйгеқұм тұсынан 0,3 гектар жер телімдері алынып, құрылысы жүріп жатыр. Аталмыш бекеттерге дәрігер, фельдшер, құтқарушы, жүргізушілер алынды. Оларға Астана қаласынан құтқару және медициналық жабдықтардан тұратын реанимобильдер алынды. ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде халыққа қызмет көрсетуге арналған «Ми-8» және «Еврокоптер–ЕС-145» тікұшақтары пайдаланылып келеді. Санитарлық авиация 54 рет көкке көтеріліп, шалғай жатқан жерлерде қиындыққа тап болған азаматтарды құтқарды.

Облыс бойынша Көкшетау техникалық институтына 15 түлек емтихан тапсырып, оқуға қабылданса, Белоруссия Республикасының төтенше жағдай саласындағы біліктілікті арттыру институтына 11 адам, Қарағанды, Өскемен, Көкшетау қалаларында 16 адам облыстық төтенше жағдайлар саласы тарапынан білімін жетілдірді.

Халыққа ТЖМ қызметкерлерінің атқарып отырған жұмысын жариялау мақсатында 2013 жылдың 9 шілдесінде «Хабар» телеарнасынан 20 минуттық «Жалын жүтқан жастық шақ» атты арнайы хабар берілді. «Қауіпсіздік әліппесі» брошюрасы көпшілікке қауіпсіздік талаптарын білу мақсатында ұйымдастырылды.

Наурыз айынан бері департамент жанынан «Сыр құтқарушысы» журналы жарық көре бастады. Айына бір рет жарық көретін журналда құтқарушылардың өмірі мен саладағы атқарылып жатқан жұмыстар, қауіпсіздікті сақтау ережелері жарияланып келеді. Сондай-ақ, наурыз айынан бастап «Қазақстан - Қызылорда» телеарнасынан эфирге «112 - Құтқарушы» бағдарламасы шығып жатыр.

Өткен жылдың қарашасында жергілікті «Қоғам ТВ» арнасынан тікелей эфирге департамент бастығы С.Өмірзақов шығып, «Мезгіл мәселесі» бағдарламасында тұрғындардың хабарға шалған маңызды қоңырауларына жауап берді.

Жоғарыда атап көрсетілген іс-шаралардың барлығы да төтенше жағдайлардың алдын алуға және оны жоюға бағытталып отыр. «Елге қызмет – абырой, міндет!» деген қағида қауырт қызметтің басты мақсаты.

Айгүл НҰРМАНОВА,
Қызылорда облысы ТЖД баспасөз қызметі жетекшісі.

ҒИБРАТ

ӨМІРДЕН ТҮЙГЕН ӨСИЕТ

Бала Ханзада жастайынан зерек өсті, ерте жетілді. Аталар сөзін зердесіне құйып өскендіктен болар, отырған жерде көнекөздер сөзін тамылжыта айтады, ақ батаны төгілтеді. Шағын ауылда дуалы сөздің құймақұлақтары көп еді-ау. Ауыл ақсақалдары күн сайын кешкілік бір үйге жиналып, әңгіме-дүкен құратын. Атасы Құнанқара бала Ханзаданы қасынан қалдырмай оң қабатына отырғызатын. Шайырқожа, Есберген, Сражаддин, Жәркен, Мұхиятдин, Зинабдин, Сопы молда би-болыстардың небір сөздерін кезектесе төгілтетін-ді. Құлболды ишан, Бәймен ахун, Акмал, Алтайбек мақсымдардан сөз қозғайды. Сөз жорғасы атанған Сражаддин, Таңат Қаржаубайлар бір сәт Тапал ахун, Мұхамеджан, Камаладдин, Жәміш мақсымдардың өсиет сөздерін бір таңға созылтатын. Қазіргі үлкендеріміздің көпшілігі сол аталардай ғибратты әңгіме айтуға шорқақ, өресі жетсін-жетпесін әйтеуір саясаттан басты қатырар дәріс оқитындарға ұқсайды. Бір кездегі ұстаз Ханзада, қазіргі зейнеткер Ханзада отырған жерде оның сөзін тыңдауға жұртшылық құмар, өсиет сөздің құймасына таңырқап, таңдай қағады. Ойға түйгенін жиын-тойда тізбектейді.

Бір ағайынның мерейтойында отырғанбыз. Ханзада Шоқан Уәлиханов жайында әңгіме өрбітті. Шоқан Сақұлақ шешеннің сөзін тыңдап отырса керек. Шешенге былайша сауал қойыпты, – деді Ханекең олай-былай қозғалып.

– Біреу жолдан адасса кімнен ақыл сұрайды?

– Көнеден сұрайды.

– Көне адасса ше?

– Көргендіден сұрайды.

– Көргенді адасса ше?

– Көптен сұрайды.

– Көп адасса ше?

– Көп оқығаннан сұрайды.

– Көп оқыған адасса ше?

Көп оқыған неге адассын!

– Міне, тапқыр сөздің құдіреті! Білім – ердің қанаты, – деп Ханзада сөзін түйіндеді. Тыңдаушылар сілтідей тынып қалды. Сөзін тағы жалғастырды. Алаштың азаматы, ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов: – Басқадан кем болмас үшін біз білімді һәм күшті болуымыз керек. «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек» деген сөзі қазір ауадай қажет! – деп Ханзада отырғандарға тағы бір ойды жалғап жіберді.

Сол бір сәт, Ханзадамен дәмдес болған отырыс менің де ойымнан көптен бері шықпай жүр. Аға барған жерге әркез асығатыным содан туындаған еді.

Бұл ұстаз Ханзада Құнанқараевтың балалық дәуірі тақтайдай тегіс болған жоқ. Үлкен ағасы Шайзада Құнанқараев «халық жауы» атанып, он жылға сотталып кетті. Зайыбы Шәрбан қиындыққа шыдамай, ұлы Бағдатты ертіп, нағашы жұртына кетті. Жас ұлғайған сәтте Құнанқара ата осынау күйікке шыдамай, екі бүктетіліп қалды. Келіндері «комиссар қайнаға» атаған тіптік ата қиын сәтте Ханзадамен мауқын басып, іштегі шерді тарқатқандай күй кешті.

Қазір баяғы аталардың бәрі де арамызда жоқ. Ханзаданың ағасы Шайзада он жылын өтеп елге оралды, жар сүйді, бала сүйді. Туған жерде шаңырақ отын маздатты, еңбекке араласты, зейнетке шықты. Шәкеңнің Маржанкүл сынды асыл жары көп қызықты көріп, немерелер думанына бөленді.

Бала Ханзада орта мектепті бітіріп, пединституттың биология факультетіне түсіп, оны 1957 жылы бітіріп шықты. Оқу бітірген бойда Шиелідегі Тартоғай, Жеміс-жидек кеңшарында зайыбы Тұраш екеуі қатардағы мұғалім, ал Ханекең кейін оқу ісінің меңгерушісі, отыз жыл бойы Шиелінің Жеміс-жидек кеңшарындағы №181 мектепте директор қызметін атқарып, 1994 жылы зейнеткке шықты. Талай марапат, орден, медальға ие болды, «Қазақстанның білім беру ісінің үздігі» значогын омырауына тақты. Мұғалімдердің бірнеше съездеріне делегат болды.

Ардагер азамат Ханзада Құнанқараевтың зайыбы Тұраш Шүйішбайқызы да білікті ұстаздардың бірі болды. Екеуі білім беру саласында ұзақ жыл қол ұстасып, үш ұл, төрт қыз өсірді. Зайыбы Тұраштың да беймезгіл сәтте пәни дүниеге аттанғанына биыл жиырма жылға жуықтап қалды. Ханекең осынау қиын сәттерге мойымай, ұл-қыздары мен немерелерін түгелдей оқытты. Ұлдарының үлкені кәсіпкер, бірі зоотехник, бірі – Құмкөлде мұнайшы, үш қызы мектепте ұстаз. Осылардан өрбіген 18 немере, 7 шөберенің ортасында киімінің қырын сындырмай құрыштай шыныққан шымыр қалпын әлі сақтап жүр. Жүрісі ширақ, сөзі салмақты.

Биыл сексеннің сеңгіріне шыққан Ханекең еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа екі рет хат жазып, ақ батасын жолдады. Екі хатқа да Елбасы шынайы ризалық білдіріп, алғыс хатын жолдаған сәті есінен кетпейді. Бөлмесінің төріндегі қос алғыс хат алыстан жарқырап, ұстаз бойына қуат бергендей болады да тұрады. Бейне бір күн шуағы терезеден төгіліп тұрған төріздi.

Иә, ұстаз Ханзада Құнанқараев сексенге толып, қаладағы «Алтын сарай» дәмханасында мерейтой өткізгелі жатқанын сөз арасында сыналап, құлаққағыс жасағандай сыңай байқатты. Жаны таза, жүрегі жомарт аға қолын жайып, ақ батаны бізге де төгілтті.

Алымды болсын,
қадамың,
Тұлпардай болсын,
шабысың.
Сұңқардай болсын,
самғауың
Риза болсын, кең қауым.
Қиындық көрсең
мұқалма,
Ауырлық көрсең
жұқарма.
Қамқоршы бол кішіге,
Үлкенді үлгі тұт алға!

– Аумин! – деп біз де ағамен қош айтыстық. Ағаның біраз әңгімесімен сусындап, шөліркеген жүрекке тың қуат біткендей болды.

– Мерейтойыңыз, сексен жылдығыңыз құтты болсын, аға! – деп ардагер аға құшағынан әрең ажырадық.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ.

Таза сумен қамтылды

Дерекке жүгінсек, ауданда соңғы жылдары жұқпалы аурулар күрт азайған. Мұның басты мәнісі ауыз су сапасының жақсаруында дейді дәрігерлер қауымы. Алайда, Ақсуат ауылының тұрғындарын бұл жайт күні кешеге дейін мазалап келген еді. Олар суды көлікпен тасымалдап, құдыққа құйдырып әуреге қалатын. Енді бұл мәселе түбегейлі шешімін тапты.

«Ақбұлақ» бағдарламасы аясында «Байқожа жергілікті су құбырының және Ақсуат елді мекеніндегі сумен қамту жүйесін қайта жаңарту және елді мекенді сервистік желімен қамту» жобасы толық іске қосылды. Осынау жағымды жаңалықтың жүзеге асуына республикалық, облыстық бюджеттен қаржы қаралды. Нысанның бас мердігері саналатын «Рза» акционерлік қоғамы өздеріне тиесілі жұмыстарды сапалы орындап шықты. Нәтижесінде бас құбырлар, сервистік желілер жүргізілді. 205 дана су есептегіш құралы тұрғын үйлерге орнатылды.

Ақсуат ауылындағы су-насос стансасының ашылу салтанатында аудан әкімі Бақыт Жаханов, облыстық мәслихат депутаты, «Рза» акционерлік қоғамының президенті Самұрат Имандосов, аудандық мәслихат депутаты, «Сыр маржаны» ЖШС директоры Мнажадин Өтеев, еңбек ардагері Әбдуәли Өксікбаев құттықтау сөз сөйледі. Рәсім барысында лента қиылды. Ақ жаулықты аналар ұлттық дәстүрімізбен шашу шашты. Ауыл ақсақалы Өмірбек Қожамжаров бата берді.

Ақынын ардақтаған ауыл

Жанқожа батыр елді мекенінде тағылымды шара өтті. Бұл күні ауылдық мәдениет үйіне жұртшылық көп жиналды. Аталмыш шара жергілікті ақын Кемал Ордабаевтың «Армысың, ата қонысым» атты кітабының тұсаукесеріне арналды. Туған қонысын, өскен елін жырлаған ақын кешін округ әкімдігі, ел азаматтары ұйымдастырған болатын. Шұрайлы тілде жазылған туындының жарық көруіне жерлесіміз Қаршыға Жұмабаев, Исатай Алдажаров, «Сыр маржаны» ЖШС директоры, аудандық мәслихат депутаты Мнажадин Өтеев, Жаңабай Жақсылықов, басқа да тұрғындар демеушілік жасады.

Шарада Қаршыға Жұмабаев ақынның шығармашылық жолына кең көлемде тоқталды. Округ әкімі Қайрақбай Орынбасаров болса, мұндай игі қадам өскелең буынның бойына отансүйгіштік сезімді қалыптастыратынын жеткізді. Кеш барысында ауыл өнерпаздары ән-жырдан шашу шашты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

АРДАГЕРЛЕР – АБЗАЛ ЖАНДАР

ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов бір топ тыл және еңбек ардагерлерінің отбасында болып, оларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Көрияларға облыстық ардагерлер кеңесінің Құттықтау хаты мен ақшалай сыйлығы және немерелеріне жаңажылдық тарту ұсынылды.

Кезінде Сырдария ауданында жауапты қызметте болған Төлеген Дүйсебеков қазір облыс орталығында тұрады. Ол өзінің саналы ғұмырын Аманкелді, Айдарлы ауылдарында партия ұйымын басқаруға, ауылдың экономикасы мен мәдениетін дамытуға арнаған. Жасы 87-ге келген, жеті баласынан жиырмадан астам немере, отызшақты шөбере, екі шөпшек сүйіп отырған ақсақал өзін бақытты санайды.

– Сіздің еңбегіңіз, адам баласына тән қасиеттеріңіз өзіңізді танитын жандардың жадында жатталғаны анық, – деді кеңес төрағасы. – Балаларыңыздың барлығы дерлік жақсы қызметте, немереңіз Ақбота Назарбаев университетінің студенті екен. Мұның өзі сіз берген тәрбиенің жемісі, сіздің үлгі-өнегеңіз. Жүз жасаңыз!

Мұнан кейін кеңес төрағасы алдағы уақытта ардагерлерге жасалатын қамқорлық аясының кеңейетінін, ҰОС ардагерлеріне теңестірілгендерді коммуналдық төлемдерден толық босатуға, үлкен кісілерге арнайы демалыс орнын ашуға мүмкіндік жасалатынын айтып өтті.

Тоқсан жастың есігін қаққан Ғазима Байдосованың өмір жолы көпке үлгі боларлықтай. Жастайынан жетім қалған татар қызы ашаршылық жылдары Башқұртстанда, Украинада әртүрлі жұмыс істейді, сосын дәм айдағаны болар кішкентай бауырымен Алматыға келіп тұрақтайды. Осындағы әскери зауытта алдымен еден жуушы, соғыс жылдарында снаряд құюшы болып жұмыс істеген Ғазима Фатихқызы сол зауыттың атын әлі құпия ұстап келеді. Аналарына зейнетақы шығарту үшін ізденген балаларының еңбегі зая кетті. Кезінде қазақтың біртуар ұлы Ораз Жандосовтың қарамағында жұмыс істеген, жазушы Мұхтар Әуезовпен араласқан, Алматыдағы қамыс заводының директоры болған күйеуі Құрманбек Байдосовтың Сыр топырағына келуі, балалары мен немерелері жайында әңгіме өрбіткен кейуана өзіне көрсетілген құрметке ризалық білдіріп, аналық батасын берді.

Өзін мерекемен құттықтауға келушілерді ұлттық киіммен қарсы алған спорт саласының ардагері Қалапберген Пірімжановты сексеннің сеңгіріне шықты деп айта алмайсыз. Бойы тік, қимылы ширақ жан кезінде грек-рим мен қазақ күресінен өткен бүкілодақтық және республикалық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы танылған. «Ерікті спорт» еңбек қоғамының төрағасы, облыстық спорт комитеті төрағасының орынбасары, бірнеше жыл спорт мектебінің директоры болған Қалапберген өзінің оқушы, студент кезіндегі қол жеткізген жетістіктерін әлі де жадында сақтаған. Ол сонымен қатар 1957 жылы Мәскеуде өткен КСРО ауыл-село жастарының арасындағы грек-рим күресінен республиканың туын көкке көтергенін үнемі еске алады. Қ.Пірімжанов Сергей Капустин мен Мұрат Сатыбалдиев, Нақыпбек Көбеков пен Үрғараев секілді шәкірттерінің спорттағы табыстарына мақтанады.

Ардагерлер өздеріне көрсетілген құрметке ризашылық білдіріп, бүкіл Сыр жұртшылығына еңбекте табыс, өмірде денсаулық, бақыт тіледі.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

МҰСТАФА ШОҚАЙ АТЫНДАҒЫ МЕШІТ

Жаңа жыл қарсаңында Шиелі ауданының Сұлутөбе ауылдық округіне қарасты 1 Май елді мекенінде Алаш ардақтысы, қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай есімімен аталатын жаңа мешіт ашылды.

Аллаға сыйынатын бұл имандылық үйін облыстық мәслихат депутаты, танымал азамат Тілеуберген Шәутай өз демеушілігімен тұрғызып, ауыл адамдарының алғысына бөленіп отыр. Салтанатты ашылу жиынында аудан әкімі Мұрат Ергешбаев бұл секілді сауапты шаруалардың әлі де жалғаса түсетіндігін айтты. Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова құттықтау сөз айтып, облыс әкімінің алғыс хатын табыстады. Қоғам қайраткері Оңалбек Сәпиев, Әбдіжәлел Бәкір және ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтияұлы және басқалар өз тілектерін жеткізді. «Бұл жер тек намаз оқып, жаназа шығаратын орын ғана емес, ақсақалдарымыздың ақылдасып отыратын, елдің ынтымағына ұйтқы болып, алдағы ауқымды тірліктерге бағыт беретін киелі мекен болуы тиіс. Мешітке ел тәуелсіздігін аңсаған Мұстафа Шоқайдың есімінің берілуі өте құптарлық жағдай», деді Әбдіжәлел Бәкір өз сөзінде.

Салтанатты жиын соңында арнайы құран бағышталып, ас берілді.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
Қызылорда қаласы кезектен тыс 23 сессия
2013 жылғы 24 желтоқсан № 174

«2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы №61 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мемлекеттік тіркеу №4561, 24 желтоқсан 2013 жыл

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV кодексінің 106-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына және «2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қарашадағы №1520 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 желтоқсандағы № 1337 қаулысына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы кезекті 12 сессиясының № 61 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4372 нөмірмен тіркелген, облыстық «Сыр бойы» газетінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 200 санында, облыстық «Кызылординские вести» газетінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 200 санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. 2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2013 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 136 367 349 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 23 091 499 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 1 348 633 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 14 300 мың теңге;
трансферттер түсімі – 111 912 917 мың теңге;
2) шығындар – 140 879 847 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 4 788 569 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 5 536 082 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 747 513 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 1 245 920 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 1 245 920 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профициті) - -10 546 987 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 10 546 987 мың теңге.»;

5-тармақтың:

5)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға – 115 159 мың теңге;»;

9-тармақтың:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға – 862 038 мың теңге.»;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған қатынастарға таралады.

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 23-сессиясының төрағасы Т. Әлімқұлов

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы Б. Еламанов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы «24» желтоқсандағы кезектен тыс 23 сессиясының № 174 шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы «6» желтоқсандағы 12 сессиясының № 61 шешіміне 1-қосымша

2013 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1. Кірістер	136 367 349,0
1			Салықтық түсімдер	23 091 499,0
	01		Табыс салығы	3 831 554,0
		2	Жеке табыс салығы	3 831 554,0
	03		Әлеуметтік салық	4 088 150,0
		1	Әлеуметтік салық	4 088 150,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	15 171 795,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	15 171 795,0
2			Салықтық емес түсімдер	1 348 633,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	94 558,0
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	2 540,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	14 200,0
		6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	10 671,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	67 147,0
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	51,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдері	51,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	8 487,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	8 487,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай -ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	905 231,0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай -ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	905 231,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	340 306,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	340 306,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	14 300,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	14 300,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	14 300,0
4			Трансферттердің түсімдері	111 912 917,0
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	563 176,0
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	563 176,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	111 349 741,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	111 349 741,0

Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
			2. Шығындар	140 879 847,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	4 644 195,0
	110		Облыс мәслихатының аппараты	39 943,0
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	39 737,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	206,0
	120		Облыс әкімінің аппараты	1 258 690,0
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	956 295,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	224 704,0
		006	Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің аппараты	34 327,0
		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	18 167,0
		009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	25 197,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	108 627,0
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	105 320,0
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншік ті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	881,0
		010	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	1 167,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 259,0
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	105 592,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және облыстық басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	105 430,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	162,0
	282		Облыстың тексеру комиссиясы	150 258,0
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	149 389,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	869,0
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	2 981 085,0
		061	Мемлекеттік орғандардың объектілерін дамыту	2 981 085,0
02			Қорғаныс	644 882,0
	120		Облыс әкімінің аппараты	590 766,0
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс -шаралар	27 493,0
		011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	13 821,0
		012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	28 506,0
		014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайларды алдын алу және жою	520 946,0
	250		Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	54 116,0
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	34 269,0
		009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	19 847,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық -атқару қызметі	5 228 443,0
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	5 174 786,0
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 034 396,0
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	2 139,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	970 999,0
		008	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	23 320,0
		013	Белгілі тұратын жері және қ ұқ аттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	44 663,0
		014	Әкімшілік тәртіп тұтқындаған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	47 169,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	52 100,0
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	53 657,0
		053	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	53 657,0
04			Білім беру	21 813 540,2
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	71 769,0
		007	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	71 769,0
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	382 506,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	84 880,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекеме лерінде мамандар даярлау	67 162,0
	261		Облыстың білім басқармасы	10 180 550,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	133 190,0
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бой ынша жалпы білім беру	678 930,0
		004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	8 217,0
		005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу -әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	132 247,0
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	482 327,0
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс -шараларды және конкурстар өткізу	114 831,0
		011	Балалар мен жеткіншектерді дін психикалық деңсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық -медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	100 376,0
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жеткіншектердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	190 346,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 029,0
		019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттарды табыс ету	46 790,0
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 877 061,0
		025	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 207 864,0
		027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағым дағы нысаналы трансферттер	2 595 281,0
		029	Әдістемелік жұмыс	43 128,0
		033	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жетім баланы (жетім балаларды) және ата -анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп -ұстауға асыра сыналушыларға ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	120 769,0
		042	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	59 524,0
		045	Аудандық бюджеттерге (облыстық маңызы бар қалаларға) мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақшалы көлемін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	459 383,0
		048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағым дағы нысаналы трансферттер	112 156,0
		061	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырған өткен мұғалімдерге еңбекақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	144 463,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	303 100,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 369 538,0
	276		Облыстың балалар құқықтарын қорғау басқармасы	21 898,0
		001	Жергілікті деңгейде балалар құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 042,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелері мен ұйымдарын күрделі шығыстары	5 856,0
	285		Облыстың дене ш ынықтыру және спорт басқармасы	1 372 857,0
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	1 169 595,0
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	203 262,0
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	9 783 960,2
		007	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттер	104 065,0
		037	Білім беру объектілерін салу және рекон струкциялау	9 679 895,2
05			Денсаулық сақтау	28 348 338,7
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	23 640 918,0
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	94 246,0
		005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдарын және дәрілерді өндіру	290 156,0
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі қызметтер	94 042,0
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	110 920,0
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТ С алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	14 147,0
		009	Туберкулезден, жұқпалы аурулардан, психикасының бұзылуынан және жүйкесі бұзылуынан, оның ішінде жүйкесе әсер ететін заттарды қолдануға байланысты зардап шегетін адамда рға медициналық көмек көрсету	4 624 739,0
		010	Республикалық бюджет қаражатынан көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, тұрғын халыққа, аудандық маңызы бар және село денсаулық сақтау субъектілерінен басқа, медициналық ұйымдарда амбулаториялық -емханалық көмек көрсету	2 983 834,0
		011	Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен және аудандық маңызы бар және село денсаулық сақтау субъектілері көрсетілетінді қоспағанда, жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация	906 790,0
		013	Патологоанатомиялық соңды жүргізу	24 922,0
		014	Халықтың жеке гигиена заттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және мамандандырылған балалар және емдік тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету	633 667,0
		016	Азаматтарды елді мекеннің шег інен тыс емделуге тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	22 971,0
		017	Шұғылшыны эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест -жүйелерін сатып алу	1 092,0
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметі	24 369,0
		019	Туберкулез ауруларын туберкулез ауруларына қарсы препараттарымен қамтамасыз ету	191 298,0
		020	Диабет ауруларын диабетке қарсы препараттарымен қамтамасыз ету	112 780,0
		021	Онкогематологиялық ауруларды химиялық препараттармен қамтама сыз ету	107 880,0
		022	Бүйрек функциясынан созылмалы жеткіліксіздігі, ауғанымнды, орфандық аурулармен ауыратын, иммунитеті жеткіліксіз науқастарды, сондай-ақ бүйрегі трансплантациядан кейінгі науқастарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету	196 598,0
		026	Гемофиливмен ауыратын ересек адамдарды емдеу кезінде қанның ұюы факторларымен қамтамасыз ету	344 933,0
		027	Халыққа иммунды алдын алу жүргізу үшін вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу	988 421,0
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықпау базалары	23 929,0
		030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	86,0
		033	Денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдарының күрделі шығыстары	1 346 959,0
		045	Азаматтарды жеке гигиена заттарын амбулаториялық емдеу деңгейінде жеңілдікті жағдайларда дәрілік заттармен қамтамасыз ету	238 966,0
		046	Ақысыз медициналық көмекпен кепілдендірілген көлемі шеңберінде онкологиялық аурулармен ауыратындарға медициналық көм ек көрсету	868 526,0
		048	Аудандық маңызы бар және село денсаулық сақтау субъектілерінің тегін медициналық көмекпен кепілдік берілген көлемі шеңберінде халыққа медициналық көмек көрсету	9 394 647,0
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	4 707 420,7
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	4 644 239,7
		083	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде орналасқан дәрігерлік амбулаториялар және фельдшерлік акушерлік пункттер салу	63 181,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 705 492,0
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	2 374 390,0
		001	Жергілікті деңгейде облыстың жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін және әлеуметтік бағ арламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	146 080,0
		002	Жалпы үлгідегі медициналық -әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	208 570,0
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсету	195 041,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	306,0
		011	Жұрдамақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	6,0
		013	Психоневрологиялық медициналық -әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгелектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	399 382,0
		014	Оналту орталықтарында қарттарға, мүгелектерге, оның ішінде мүгелек балаларға арнаулы әлеуме ттік қызметтер көрсету	507 074,0
		015	Психоневрологиялық медициналық -әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) жүйкесі бұзылған мүгелек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	299 917,0
		017	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бю джеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	68 781,0
		018	Үйлерінде емдеу секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	33 996,0
		026	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне медициналық -әлеуметтік мекемелерде күндіз емделу бөлімшелері желісін дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	22 754,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	64 243,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	428 240,0
	261		Облыстың білім басқармасы	128 336,0
		015	Жетім балаларды, ата -анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	128 336,0
	276		Облыстың балалар құқықтарын қорғау басқармасы	180 620,0
		005	Әлеуметтік оңалту	40 783,0
		015	Жетім балаларды, ата -анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	139 837,0
	295		Облыстың еңбек саласындағы бақылау басқармасы	22 146,0
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	22 146,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	16 884 833,0
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	3 813 687,0
		013	Аудандарда н (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықты дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	169 280,0
		014	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлері н жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 719 861,0
		027	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 695 334,0
		030	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	127 390,0
		072	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде тұрғын жай салуға және (немесе) сатып алуға және инженерлік -коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттері	101 822,0
	279		Облыстың Энергетика және тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық басқармасы	13 071 146,0
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және коммуналдық үй -шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	67 598,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	85,0
		010	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерін е сумен жабдықтауға және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	3 989 165,0
		014	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықты дамытуға арналған нысаналы трансферттері	781 030,0
		030	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау жүйесін дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттері	4 081 242,0
		038	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	541 634,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілет ін ағымдағы нысалы трансферттер	2 141 813,0
		114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	1 468 579,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	5 410 857,0
	259		Облыстың мұрағатар және құжаттама басқармасы	181 495,0
		001	Жергілікті деңгейде мұрағат ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25 483,0
		002	Мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету	136 166,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	328,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	19 518,0
	262		Облыстың мәдениет басқармасы	1 203 143,0
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	44 268,0
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	286 443,0
		005	Тарихи-мәдени мұралардың сақталуын және оған қол жетімді болуын қамтамасыз ету	205 109,0
		007	Театр және музыка өнерін қолдау	265 701,0
		008	Облыстық кітапханалар дың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	110 265,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	190 954,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	100 403,0
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	592 936,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік, ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	123 316,0
		007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	447 420,0
		113	Жергілікті бюджеттерден бе рілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	22 200,0
	264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	43 292,0
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28 845,0
		002	Мемлекеттік тілді і және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	14 147,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	300,0
	283		Облыстың жастар саясаты мәселелері бойынша басқармасы	189 346,0
		001	Жергілікті деңгейде жастар саясаты мәселелері жөн індегі қызметтер	104 341,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	591,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	84 414,0
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 439 427,0
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	313 323,0
		002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	81 274,0
		003	Облыстық түрлі спорт түрлері бойынша құрама командаларды мүшелерін республикалық және халықаралық спорт жарыстарына дайындау және қатыстыру	940 228,0
		008	Спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп -интернаттарын мұғалімдеріне біліктілік санаты үшін қосымшақы мөлшерін ұлғайту	910,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдарының күрделі шығыстары	100 862,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 830,0
	289		Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы	3 477,0
		010	Туристік қызметті реттеу	3 477,0
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	1 757 741,0
		016	Мәдениет объектілерін дамыту	1 411 282,0
		017	Спорт және туризм объектілерін дамыту	126 362,0
		018	Мұрағат объектілерін дамыту	5 523,0
		034	Аудандар (облыст ық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне спорт объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	214 574,0
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	427 543,6
	279		Облыстың Энергетика және тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық басқармасы	427 543,6
		007	Жылу-энергетикалық жүйесін дамыту	38 536,6
		011	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу -энергетикалық жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	30 740,0
		071	Газ көпірі жүйесін дамы ту	358 267,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	7 697 302,0
	251		Облыстың жер қатынастары басқармасы	64 710,0
		001	Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	32 741,0
		003	Жер қатынастарын реттеу	31 969,0
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	1 014 507,0
		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	59 177,0
		002	Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу	23 867,0
		003	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	69 306,0
		005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	483 297,0
		006	Жануарлар дүниесін қорғау	943,0
		008	Қорғалған орманы қорғау бойынша іс -шаралар	333 037,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 061,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	41 819,0
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	5 706 889,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекет ік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	90 832,0
		002	Тұқым шаруашылығын қолдау	252 190,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 600,0

СӘН ҮЛГІСІ

Жылқы жылында "ЖАРҚЫРАҒАН ОРХИДЕЯ" сәнде

Міне, 2014 Жылқы жылы да келіп жетті. Жаңа жылдан жақсылық күтетін қауым, әсіресе, қыз-келіншектер заман талабына сай киінуді ұмытқан емес. Әлемнің белгілі сәнгерлері Лондон, Милан, Нью-Йорк, Парижде даланауда бірқатар кеңестерді есте ұстаған жөн. Мәселен, қазақтың қыз-келіншектері көбіне қара торы болып келеді. Сондықтан қара көк киімдер, қою түсті киімдер жараса бермейді. Егер көк түсті киім кисеңіз, міндетті түрде оған ашық түсті аксессуарлар таққан дұрыс. Әрине, қымбат гауһар тастардан бастап, інжу, маржан сәннен қалған емес. Әрбір қарапайым көйлек не кофтаның сәнін аша түсетін мойын әшекейін ұмытпасаңыз болғаны. Күн-өткен сән апталығында Жылқы жылының басты киім үлгілерін паш етті. Тон және теріден жасалған сырт киімдермен қатар, қанық түс, арт-принттер, яғни, көлемді суреттері бар көйлектер және тор көзді киім үлгілері биылғы сәнге айналмақ. Отандық дизайнер Аида Қауменованың айтуынша, тор көйлекті қызыл шілтермен бірге қолданса, әйел затына тән нәзіктікті көрсетеді. Шілтермен бірге 2014 жылы матаның ханшайымы аталатын барқыт, мақпал маталардан тігілген киімдер сәнге енеді. Ал ұзындыққа келсек, салтанатты кеште жерге дейін төгіліп тұрған көйлек кисеңіз, күнделікті өмірге тіземен төмен көйлек не белдемше таңдаған дұрыс. Соңғы кезде әйел заты бұрынғыдай ашық киімнен гөрі шамалы жабық жүргенді ұнатады. Бұл сәнге айналып келеді. Әрине, ол дене бітімнің кем-кетік тұстарын жасыруға ыңғайлы. Дегенмен, бұл түбегейлі оранып алу емес, талғаммен киіну болып табылады.

Сәнді киінудің сырын ашқан дизайнерлер Жылқы жылы ашық жасыл және көк түске басымдылық беріліп отырғанын айтады. Оны ұтымды пайдалануда бірқатар кеңестерді есте ұстаған жөн. Мәселен, қазақтың қыз-келіншектері көбіне қара торы болып келеді. Сондықтан қара көк киімдер, қою түсті киімдер жараса бермейді. Егер көк түсті киім кисеңіз, міндетті түрде оған ашық түсті аксессуарлар тақ қан дұрыс. Әрине, қымбат гауһар тастардан бастап, інжу, маржан сәннен қалған емес. Әрбір қарапайым көйлек не кофтаның сәнін аша түсетін мойын әшекейін ұмытпасаңыз болғаны. Күн-де болмаса да, салтанатты кештерде шашыңызға ерекше әшекей бұйымдарын тағып жүрсеңіз, бұл сіздің сән әлемінен хабардар екенініздің көрсетеді. Биылғы жылы сонымен қатар, «жарқыраған орхидея» түсі барлық маусымда сәнде болып, ең жиі қолданылатын түске айналады. Демек, күлгін, алқызыл түстердің реңктері махаббат, сенімділік, көңіл-күйді білдіріп тұрғандай әсер етеді.

Ал, ерлердің киім үлгісіне келсек, көптеген сәнгерлер қара түсті киімдердің орнына қара-көк түстің басқанын айтады. Бұл түстегі киімдер теңізшілердің әскери формасы іспетті, қайратты әрі мәртебелі көрінетінін тілге тиек етеді. Белгілі дизайнерлер 1930 жылдардағы сән үлгісі арамызға қайта оралғанын да жасырмайды. Киім ілгішінізде міндетті түрде пиджак, пальто және шатыраш жейде тұруға тиіс. Костюмнің шатыраш болуы жігіттерді сырбаз әрі сымбатты көрсетеді. Ерлерге арналған жеңіл күртешелер кезекті маусымда да айналымға шығуда. Костюмдер мен түкті шатыраш пальтолар күз-қыс маусымында өтімді болады.

Әйелдер арасында, сонымен бірге, ерлер арасында осы жылы ең сәнді шаш үлгісі ретінде ұзын кекіл мен буылған ұзын шаш саналмақ. Өтіп бара жатқан Жылан жылында сәнді етіп өрілген бұрым қолданылса, ұзын шаш иелерін Жылқы жылы көп кездестіруге болады. «Каре» шаш үлгісі біртіндеп өз маңызын жояды. Макияж жасауда ашық түстер қолданылады.

Ғаламтор беттері бойынша дайындаған:
Айсәуле САҒАТБЕККЫЗЫ.

АЯЗДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Қаңтардың қыраулы қабағы мал мен жанды қысып тұр. Күн райы бұзылғаннан-ақ шаруасы көбейетін арнайы қызмет мамандары 5 қаңтар күні «Самара-Шымкент» трассасында қалып қойған 5 көліктің жүргізушілерін құтқарып қалды. Әйтеке би кентінің тұсында тоқтап қалған жүк көліктеріндегілердің айтуынша, олар Алматы қаласынан Ресей Федерациясына жол тарткан екен.

Оқиға орнына жедел жеткен Қазалы ауданы төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері мен №4 өрт сөндіру бөлімі құтқарушыларының қауырт қимылының арқасында олар сапарларын жалғастырды.

Қаңтар басталғаннан-ақ күшіне мінген аяз жолда абай болуды ескертіп тұрғандай.

Е.АҚЫН.

ЖОЛ САҚШЫЛАРЫНЫҢ СЫЙЫ

Жаңажылдық мереке қарсаңында жол патрульді полиция қызметкерлері қала тұрғындарын құттықтады.

Жыл сайынғы дәстүрге айналған бұл шарада әкімшілік полиция қызметкерлері жол бойының тәртібін қадағалап қоймай, өздерінің сыйын жасады. Яғни, Аяз ата мен Ақшақардың киімін киінген, қызметкерлер көлік жүргізушілеріне әкімшілік хаттаманың орнына сыйлықтар сыйлады. Бұл жолғы сыйдан кішкене жаяу жүргіншілер де қалыс қалмады. Ақшақарлар оларды да құттықтап, «Жолдас көмекке асығады» атты мультфильм жазылған дискерді сыйға тартты. Осылайша, жол патрульді полиция қызметкерлері мерейлі мерекеде Сыр жұртшылығына деген жылы лебіздерін ізгі істермен көрсете отырып, тұрғындардың қауіпсіздігін бақылады. Сондай-ақ, сақтықта қорлық жоқ екенін ескерген қызметкерлер көлік жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге кеңестерін де берді.

М.ОТАРАЛЫ.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, САУДА-САТТЫҚ

Қызылорда өңірлік алқасының жеке сот орындаушысы Қыдырбаев Н.Ж. төмендегі мүлікке қатысты ағылшын әдісімен (жоғарылау тәртібімен) аукцион өткізеді.

1.Нурмаханова Айгуль Амангельдиевнаға тиесілі 4 бөлмелі тұрғын үй жер учаскесімен, 2007 жылы салынған, қабырғасы күйдірілген қыш, жалпы көлемі 200,7 м2, мекен-жайы, Қызылорда қаласы,Саулет м/а №10 квартал 3 участок(обл.жол полициясының арты). Бастапқы бағасы 19 396 090 теңге. Қатысу үшін Н.Қыдырбаевтың есеп-шотына – 969 804 теңге кепілақы төлеу қажет.

Аукцион 31.01.2014 жылы сағат 15:00-де Қызылорда қаласы, Бегім ана көшесі №17 үйде ағылшын әдісімен (жоғарылау тәртібімен) өткізіледі.

Қызылорда өңірлік алқасының жеке сот орындаушысы Қыдырбаев Н.Ж. төмендегі мүлікке қатысты голландық әдісімен (төмендеу тәртібімен) аукцион өткізеді.

1. Адамбаев А.М тиесілі 1 бөлмелі, 1971 жылы салынған, ірі панелді, жалпы көлемі 29,3м2, 1-қабатта орналасқан, мекен- жайы: Қызылорда қаласы, Шұғыла м/а 1 үйдің 3 пәтері. Бастапқы бағасы 2 623 000 теңге. Қатысу үшін Н.Қыдырбаевтың есеп-шотына – 131150 теңге кепілақы төлеу қажет.

Аукцион 31.01.2014 жылы сағат 16:00-де Қызылорда қаласы, Бегім ана көшесі №17 үйде голландық әдісімен (төмендеу тәртібімен) өткізіледі.

Н. Қыдырбаевтың реквизиттері: ЖСН 80072530150 2, «БТА Банк» АҚ-дағы KZ24319KO10004255655. Қатысушының өтініші аталған мекен-жай бойынша 27.01.2014 жылдан басталып, сауда-саттық басталардан бір тәулік бұрын аяқталады. Мүлікті көрсету (танысу) 24.01.2013-29.01.2014 жылғы аралықта жұмыс күндері сағат 11:00-де жүргізіледі. Уәкілетті орган нөмірі 27-43-73, анықтама үшін тел.: 26-18-33, 8 705 989 84 69.

Егер сіз облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттеріне жарнама орналастырғыңыз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз: 70-00-49, 70-00-52. E-mail: smjarnama@mail.ru

Доктор Р.Хайруллинамен кездескенге дейін менің салмағым 106 келі (айтуға қорқынышты) болды. Өмір қаптаған қайғыдан түрды: гипертония, шаршап-шалдығу, тыныс алу қиындығы, жүрегім ауырды, мұның бәрі ашыққан адам кейпінде жүріп жатты.

бұрын 106 кг.

Қазір бір жарым жыл өткеннен кейін біраз салмақ тастап, мен өткен өмірімді қорқынышты түстей көремін. Мен докторға шын жүректен алғысымды айтамын, ол маған шын мәнінде жаңа өмір сыйлады.

Қызылорда қаласында 2014 жылдың 11 қаңтарында сағат 16.00-де.

қазір 68 кг

Тел: 8-705-411-64-98, 22-38-22, 22-29-53.

КЕЛІСІМ-ШАРТ
Жеке тұлғалар үшін ауыз сумен қамтамасыз ету, сарқынды суды бұру және тазарту қызметтерін көрсетуге

Қызылорда қаласы «___» _____20__ жыл

Бұдан әрі **Қызмет көрсетуші** деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет етуші, басшысы М.Б.Үсербаев атынан «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бір тараптан және келісім-шарт негізінде ауыз сумен қамтамасыз ету, сарқынды суларды тазарту қызметтерін тұтынушы жеке тұлға, бұдан әрі **Тұтынушы** деп аталатын, екінші тараптан осы келісім-шартты төмендегідей тарауларымен жасасты.

1 **1.Келісім-шартта қолданылатын негізгі ұғымдар**
1.1. Келісім-шартта келесі негізгі ұғымдар қолданылады:
-тенгерімдік қатыстылық шекарасын болу – заңды тұлғаның меншік құқығы болып, Тұтынушы ауағы арқылы өтетін ішкі ауыз су және қоріз жүйелері, орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылу нүктесіндегі ашып-жабу ысырмасына дейінгі аралық, қоріз жүйесінде орталық қоріз жүйесіне қосылу нүктесі болып табылады.
-Тұтынушының пайдалану жауапкершілігіндегі шекара аралығы - тенгерімдік қатыстылық шекарасы болып белгіленеді.
-Төлем құжаты - Қызмет көрсетушінің (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту, ұйғарым, шот-ескертпе немесе өлшеу құралының негізінде жасалынған ережелерді бұзу актісі), осынып негізінде төлемақы жүргізіледі.
- Қызмет көрсетуші – ауыз сумен қамтамасыз ету және қоріз суды экетуін толық технологиялық процесін жүзеге асырушы, тұтынушыға қызмет көрсету мақсатында тұрғылықты адандардың ауыз сумен қамтамасыз ету және қоріз суды экету жүйелерін пайдалануын, сондай-ақ, тұтынушылардың ауыз сумен қамтамасыз ету және қоріз су жүйелерінің жағдайына техникалық қадағалауды іске асырушы, тұрғылықты аумақтың ауыз сумен қамтамасыз ету және қоріз су жүйелерінің дамуын реттеуші мен бақылаушы.
-Тұтынушы -келісім-шарт негізінде ауыз сумен қамтамасыз ету, сарқынды суларды тазарту қызметтерін тұтынушы жеке тұлға;
-Коммуналдық қызмет - тұтынушыны ауыз сумен қамту, сарқынды суды бұру және тазарту қызметтерін қамтамасыз ету;
- Өлшеу құралын тексеру - өлшеу құралының жағдайын анықтау мақсатында, техникалық талапқа сәйкестігі мен көрсеткіш алу, сонымен қатар өлшеу құралындағы 2 дана - мемлекеттік тексеріс пломбасы мен Қызмет көрсетушінің пломбаларының болуы мен бүтіндігін анықтауды іске асыру операциялары.
-Өлшеу құралдары - уәкілетті органдардан мемлекеттік тексерістен өткен, бекітілген заңды тәртіппен қолдан ысқа рұқсат етілген, сауда коммерциялық есепке алуға арналған техникалық құрылғы.
-Есепті кезең - бір айлық күптізбеге сәйкес бірінші күннің 00-00 сағатынан бастап ең соңғы күннің 24-00 сағатына дейінгі, келісім-шартта көрсетілген қызметке тұтынушының есеп айырысу кезеңі.
-Реттеуші орган - табиғи монополиялар саласында бақылауды іске асырушы, мемлекеттік орган.
-Жария шарт - Қызмет көрсетуші мен Тұтынушы арасында Азаматтық Кодекстің 387-бап, 1-тарауына сәйкес бұқаралық ақпарат құралы - аумақтық газет арқылы жасасқан келісім-шарт.
Суды тұтыну мөлшері - Тұтынушының жаңа мүшелерінің саны, үй жануарлары,мал саны мен суармалы жерлерін суаруға кететін 26.09.2011 жылғы №354 Бұйрыққа сәйкес сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көрсетілген көлемін анықтау әдістемесімен бекітілген жалпыға ортақ белгілеген суды шығындау мөлшері.
Ауыз судың өнуі – тарату желісінен (торабынан) гимараттың сыртқы қорғанына дейінгі немесе объектінің ауақтық шекарасындағы құдық пен қалалық ауыз су нүктесіне қосылған тікелей арматурасына дейінгі су құбыры.
Қоріз су шығару – гимараттың бірінші ауа құдыққа немесе кварталаралық желісіне дейінгі құбыры.
ОБК-09 құралы - көпқабатты үйлердің ауыз су мен сарқынды суды бұру және тазарту қызметтеріне Қызмет көрсетуші алдында қарыз тұтынушылардың канализациялық құбырларын уақытша ажырататын жабдықтау аппараты.

2 **2.Шарттың мәні**
2.1.Келісім-шарт шарттарына сәйкес, Қызмет көрсетуші Тұтынушыға ауыз сумен қамтамасыз ету, сарқынды суды бұру және тазарту (бұдан әрі - қызметтер) қызметтерін жүзеге асырады, ал Тұтынушы көрсетілген қызметтерге толық мөлшерде және уақытылы ақы төлеуге міндеттеледі.
2.2. Көрсетілген қызметтер сипаттамасы және берілетін су сапасы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген талаптарға, мемлекеттік стандарттың санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормалар сай болуы қажет.
2.3. Қызметтерді көрсету режимі - тәулік бойы.
2.4. Келісім-шарт Тұтынушымен аталған жылдың жаңа шартына сәйкес жасалынады.
2.5. Пайдалану жауапкершілігіндегі шекара аралығы Тұтынушы үшін:
- ауыз су үшін - қызмет берушінің су жүйесіне қосылу орнындағы орнатылған бірінші ашып-жабу ысырмасының болуы фланеці;
- сарқынды су үшін Қызмет көрсетушінің орталық қоріз жүйесіне қосылған тұтынушының қосылу орнындағы құдығы;
- мекеменің тенгерімдегі ауыз су жүйесі гимараттың сыртқы қамалына дейін, шаруашылық жүргізу және мекеменің қызмет көрсетуінде болуы қажет;
- ауыз су желісі қосылуынан су тарту бағаналарына (шүмектеріне) дейін құрал-жабдықтарды (құдық, жапқыш арма тура, су есептеуіштер, су өлшеуіштер және т.б. есептеу құрылғылары, ағын кетулерді қысым тұрақтандырғыштар, анықтауыштар) қоса алғанда тұтынушыға тиесілі;
- тұтынушы аумағындағы және тенгерімндегі қоріз су желісі құзырлы қоріз су желісі деп аталады және тұтынушымен қызмет көрсетіледі.

3 **3. Қызметтерді көрсету шарттары мен тәртібі**
3.1. Қызмет көрсету мына жағдайларда тоқтатылады:
- апатты ахуал туындан, азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда;
-қызмет көрсетушінің жүйесіне өз ерікмен қосылған жағдайда;
-ауыз су және қоріз су жүйелеріне қызмет көрсетушінің техникалық шартын бұзуға байланысты, қызметтерді келісім-шартсыз немесе келісім-шарт мерзімінің аяқталуына орай;
-тұтынушыда өлшеу құралының қосылу сызбасы өзгеруі анықталғанда, оның зақымдалуы мен пломбасы үзілгенде, дискі жасанды тежелгенде және басқа да бұзылу жағдайы анықталғанда, немесе Тұтынушы ұрлау мақсатында жасырын жүйе орнатып немесе өлшеу құралының көрсеткішін бұрмалағанда;
-есеп айырысу кезеңінен кейінгі екі айдың ішінде қызметтер көрсету үшін төлемеген жағдайда;
-қызмет көрсетушімен өлшеу құралдарына жақындатпау жағдайында;
-тұтынушының ауыз сумен жабдықтау және қоріз жүйелеріндегі техникалық ахуалының қанағаттанарлық болмауынан, қызмет көрсетуші тарапынан анықталған ақаулар мен талап бұзушылықты қалпына келтіруге берілген жазбаша сын-ескертулерді орындамағандықтан;
-құбырларды залалсыздандыруды жүргізу қажеттілігіне байланысты;
-және де басқа нормативтік құқықтық актілерімен қарастырылған жағдайда.
3.2.Тұтынушыны қосу туындаған ақаулар қалпына келтірілгенше соң жүзеге асады.
3.3. Жүйеге қайта қосу қарызды өтегенней кейін жүзеге асады. Қосу құнын қызмет көрсетуші реттеуші органдармен келісе отырып, анықтайды.

4 **4.Көрсетілген қызметтер құны және тәртібі**
4.1. Осы келісім-шарт бойынша көрсетілген қызметтер құны реттеуші органмен бекітілген тариф негізінде жүргізіледі(бекітілген тариф осы келісім-шартқа №2 қосымшасымен беріледі). Қызметтер құны келісім-шарттың басқа да талаптарымен пара-пар, реттеуші органмен бекітіледі.
4.2. Тұтынушы ай сайын нақты көрсетілген қызметтерге қарай, келесі есепті кезеңнің әр айдың 25-ші күніне дейін төлемақы құжатының негізінде немесе шот -түбіртегімен, егер де басқалай екіжақтың келісімі болмаса, төлем жүргізіледі.
4.3. Тұтынушы мен Қызмет көрсетуші арасында жекелеген келісім болған жағдайда, Тұтынушымен қосымша келісімге сәйкес төлем жүргізіледі.

5 **5. Қызметтерді тұтыну және суды беру есебі**
5.1. Берілген су мөлшері жеке есептеу құралдарының көрсеткіштері бойынша, жеке есептеу құралдары болмаған кезде нақты тұратын адамдар санына сәйкес деректерді бөле отырып, жалпы үйдің есептеу құралының көрсеткіштері бойынша, ал олар болмаған кезде осы елді мекен үшін бекітілген су тұтыну нормалары бойынша есеп айырысу жолымен белгіленеді.
5.2. Жеке есептеу құралдары мен жалпы үйдің есептеу құралы 100% болған кезде жалпы үйдің есептеу құралының көрсеткіштері мен жеке есептеу құралдарының жиынтық көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылық нақты тұратын адамдардың санына сәйкес, өзге жағдайларда - тарифтердің келісімі бойынша кондоминиум объектісі меншік иелерінің ақы төлеуіне жатады.
5.3. Сарқынды суды бұру және тазарту жүйесіне Тұтынушыдан әкетілген судың мөлшері тең болады:
- ыстық сумен жабдықтау жүйесі жабық кезде, жергілікті су жылытқышы пайдаланылған жағдайда - берілген суық су мөлшеріне;
- ыстық сумен жабдықтау жүйесі ашық не зде, ыстық су орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесінен келіп түскен жағдайда - берілген суық су мөлшеріне ыстық сумен жабдықтауға берілген судың мөлшерін қосып тең қабыдаңады.
5.4. Қоріз жүйесіне тасталмайтын сарқынды судың мөлшері септик бар болуы жағдайында есептелінбейді.
5.5.Өлшеу құралдарының есепті көрсеткішін алуға және шот түбіртегін Қызмет көрсетушінің өкілдері қызметтік құралы көрсетуін міндеттей отырып жасайды. Екі есепті кезеңде Тұтынушының кінәсінен нысандағы өлшеу құралдарының есепті көрсеткішін Қызмет көрсетуші ала алмай жатса және оған Тұтынушы пайдаланған судың мөлшерінің мәліметтерін бермесе, Қызмет көрсетуші орнатылған тәртіп бойынша қызмет көрсетуді (су беру) тоқтатуға құқы бар. Есепке алынбаған судың мөлшері құбырдың қимасы бойынша анықталады.
5.6. Тұтынушыға өлшеу құралдарынсыз тікелей қосуға Қызмет көрсетушінің рұқсатымен уақытша жол беріледі. Мұндай жағдайда қызметтер көрсетудің мөлшерін Қызмет көрсетуші есеп айырысу жолымен су тұтыну нормалары бойынша белгілейді.
5.7. Есепке алу Тұтынушының кінәсінен тыс уақытша бұзылған кезде қызметтер көрсеткені үшін есеп айырысу алдыңғы есепті кезеңнің орташа тәулік шығысы бойынша жүргізіледі.
5.8. Пәтерде немесе жеке үйде орнатылған есептеу құралдарының бүтін сақталуын қамтамасыз ету Тұтынушыға жүктеледі. Тұтынушы есептеу құралдарын Қызмет көрсетуші еркін кіре алатын арнайы бөлінген үй-жайға орнатады.
5.9. Тұтынушының келісімімен өлшеу құралын жөндеу немесе ауыстыру, кезекті сынақтан өткізуге байланысты уақытша өлшеу құралы болмаған жағдайда, сумен қамтамасыз ету қызметтерінің мөлшері өткен үш айда өлшеу құралының орташа көрсеткішіне сәйкесінше алынады. Өлшеу құралының болмауы бір айдан аспауы керек. Көрсетілген мерзім аяқталған соң өлшеу құралы болмаған жағдайда, сумен қамтамасыз ету қызметінің мөлшері құбырдың қимасы бойынша төлемнің мерзімінен өткізіп алу сағаты мен күніне алынады.
5.10. Тұтынушыда суды есептеу сызбаларының бұзылу, басқару торабында және есептеу құралдарында пломбаларды жұлып алу және есептеу құралдарының көрсеткіштерін бұрмалауға ықемді құралдар орнату фактілері анықталған жағдайда, ҚР Үкіметінің 05.09.2009 ж. №832 Қаулысымен бекітілген «Елді мекендерді сумен қамтамасыз ету және қоріз суды экету жүйелерін пайдалану» ережесіне сәйкес, Тұтынушыға осы фактілер табылған күнге дейінгі соңғы тексеру жүргізілген сәттен бастап суды пайдаланғаны үшін қайта есептеу жүргізіледі, бірақ құбырдың басқару торабына дейін ол тәулігіне 24 сағат жұмыс істеп тұрған кезде толық өткізу қабілеттілігі есебінен екі айдан аспауға тиіс.

6 **6. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері**
6.1. Тұтынушының құқықтары:
1) көрсетілген қызметтерді белгіленген сапада, оның денсаулығына қауіпсіз, оның мүлкіне зиян келтірмейтін Шарттың талаптарына сәйкес мөлшерде алуға;
2) сарқынды суларды рұқсат етілген жүгкемелер шегінде тастауға, бірақ **қоқыс, кесті тұрмыстық қалдықтар тастауға жол берілмейді;**
3) Қызмет көрсетушінің заңнамға қайшы келетін әрекеттерін немесе әрекетсіздігін уәкілетті органға және (немесе) сот тартібімен шағым жасауға;
4) Қызметтерді шарттың 2 тарау, 2 тармақшасына сәйкес қолдануға;
5) мемлекеттік стандарттарда және өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызметтер көрсетуді ұсынған жағдайда, қызмет көрсетудің құнын қайта есептеуді талап етуге;
6) егер Қызмет беруші белгіленген тәртіппен шот қоймаса, алынған қызметтер көрсету үшін ақы төлеуді жүргізбеуге;
7) Қызмет көрсетушіні бұл туралы бір айдан кешіктірмей жазбаша хабарлама берген кезде үзілуынан қызметтер көрсетуге ақы төлеп, Шартты біржақты бұзуға құқығы бар;
8) Реквизиттер -мекен-жайы, есеп -шоты, т.б. өзгерген жағдайда Тұтынушы бұл туралы Қызмет көрсетуші мәлімдеуі тиіс.
6.2. Тұтынушының міндеттері:
1) берілген төлем құжаттарына сәйкес ұсынылған қызметтерге 4.2. тармақшасына сәйкес уақытылы және толық көлемде ақы төлеуге;
2) жасалған шарттардың талаптарына сәйкес реттелін көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) есепке алу аспаптарын сатып алу мен орнатуға уақытылы және толық көлемде ақы төлеуге;
3) қызмет көрсетуіне көрсетілген қызметті пайдалану кезінде туындаған сумен жабдықтау, қоріз су жүйелеріндегі және есептеу құралдарындағы ақаулар туралы, ал сумен жабдықтау, қоріз суды экету жүйелеріндегі бұзылуған немесе ластайтын, ұлы заттарды авариялық тастау жағдайында - төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою санитарлық - эпидемиологиялық қызметке және қоршаған ортаны қорғау қызметіне де дереу хабарлауға;
4) қызмет көрсетуші өкілдерін жеңілердің, құралдардың және жабдықтардың техникалық ахуалы мен қауіпсіздігін бақылау үшін есептеу құралдарына қол жеткізуге қамтамасыз етуге;
5) көрсетілген қызметтерді пайдалану кезінде техника қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтауға міндетті;
6) қызмет көрсетуші өкілдерін немесе сумен жабдықтау және қоріз жүйелерінде жұмыс жасауға рұқсаты бар арнайы мекемелердің өкілдерін ақаулы қалпына келтіруге, өлшеу құралдарын бақылауға, сондай-ақ есептті кезеңде бір ай көлемінде су шығынын бақылауға қол жеткізуге жағдай жасалуына;
7) қызмет көрсетушіге жеті күнтізбелік күн ішінде Тұтынушының мекен-жайының өзгеруі, адам санының өзгеруі немесе, нысанның сатылуы жөнінде жазбаша түрде мәлімделіп, ұсынылған қызметтерге толық көлемде ақы төлеуге;
8) өлшеу құралдары орналаскан бөлмеде температура 5^0С-дан төмен болмауын, жарық болуы, істен шыққан ақаулы ашып-жабу ысырмасы мен бұрандаларды қолдануға жол берілмеуін қамтамасыз етуге;
9) мекен-жай бойынша ешкім тұрмаған жағдайда, Қызмет көрсетуіне бұл жөнінде мәлімдеме беріліп, ашып-жабу ысырмасынан пломбаланып жабылуы жөнінде жазбаша өтініш жасалуы қажет.
10) жыл сайын бау-бақша, суармалы жерлерді суаруға Қызмет көрсетушіден рұқсат алып, Қызмет көрсетушімен бекітілген суару режимін қатаң сақтауы қажет. Рұқсат тек суды тұтынуға қарыз мөлшері болмаған жағдайда ғана беріледі.

7 **7. Қызмет көрсетушінің құқықтары мен міндеттері**
7.1. Қызмет көрсетушінің құқықтары:
1) ұсынылған қызметтерге уақытылы және толық көлемде 4.2. тармақшасына сәйкес ақы алуға;
2) реттеуші орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданыстағы кезеңінде Тұтынушылар үшін ұсынылатын қызметтер үшін тарифтерді азайтуға;
3) сумен жабдықтау, қоріз су жүйелерінің тұтынушы аумағынан тыс жерінен бастап техникалық тексеріс жүргізуге;
4) өлшеу құралдарын тексерілуін ұйымдастыру және жүйеге дұрыс қосылуын қамтамасыз ету;
5) орнатылған тәртіп бойынша қызмет көрсетуді (су беру) 6.2.тармақшасына сәйкес тоқтатуға құқы бар;
6) тұтынуды бақылау жүргізуге және ұсынылған қызметтерге төлемақы жасалуын бақылау жасауға;
7) көпқабатты үйлердің ауыз су мен қоріз суларды бұру қызметіне қызмет көрсетуші алдында төлемеушілердің есепті кезеңнен кейінгі 2 айдан астам уақыт төлемеген жағдайда қоріз құбырларын уақытша ОБК – 09 жабдықтау аппараты арқылы ажырату;
8) тұтынушының өтініш берілгеннен кейін ҚР Заңдарына сәйкес қайта есептесуін барлық түрін жасасуға;
9) тұтынушымен қосымша қызмет түрлерін көрсетуге келісім-шарт жасасуға;
10) тұтынушымен қосымша келісім-шарт жасаса отырып, өлшеу құралдарын сатып алып, оны орнатуға.

7.2. Қызмет көрсетушінің міндеттері:
1) осы келісім-шарттың талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуді уақытылы және үздіксіз ұсынуды қамтамасыз етуге;
2) тұтынушыларға қызметтер көрсетуді есептеу құралдарын сатып алуға және орнатуға;
3) ұсынылатын қызметтер көрсетудің сапасы мен мөлшеріне есеп жүргізуге және оны бақылауға, қызметтер көрсетуді ұсынудағы бұзушылықтардың алдын алу және оларды жою жөнінде уақытылы шаралар қабылдауға;
4) тұтынушыларды тарифтердің өзгеруені туралы олар қолданысқа енгізілгенге дейін жергілікті баспасөз құралдары арқылы отыз күннен кешіктірмей хабардар етуге;
5) тұтынушының негізделген талаптары бойынша 24 сағат ішінде ұсынылатын қызметтердің сапасы мен көлемін қалпына келтіруге;
6) тұтынушының сумен жабдықтау, қоріз су жүйелерін, есептеу құралдарын тексеру кезінде, сондай-ақ есептеу құралдары көрсеткіштерін алған кезде қызметтік куәлікті көрсетуге;
7) тұтынушыға көрсетілген қызметке төлем тапсырмасын айдың 10-на дейін табыстауға міндетті;
8) тұтынушымен қызметтер көрсетуді ұсынуға арналған шарт жасасуға;
9) алдын алу және жөндеу жұмыстары жүргізу кезеңінде Тұтынушыға ауыз суды көлік құралдарымен жеткізіп беруге міндетті.

8 **8. Тараптарды шектеу**
8.1. Тұтынушыға шектеу қойылады:
1) қызмет көрсетушінің келісімінсіз үй ішіндегі желілерді, сумен жабдықтау, қоріз су жүйелерінің құрылыстарын мен есептеу құралдарын қайта жабдықтауға;
2) қызметтер көрсетудің қолда бар есептеу схемаларын бұзуға тыйым салынады;
3) қызмет көрсетушінің рұқсатынсыз ауыз суды техникалық қажеттілікке, жазғы-жылжыт суаруға, көшелерді жууға, аумақтар мен жолдарға қолдануға үзілді - кесілді тыйым салынады;
4) су алу колонкалары мен өрт гидранттары бар құдықтарға қосылуға.
8.2. Қызмет көрсетушіге шектеу қойылады:
1) басқа Тұтынушылардың талаптарды орындамауы салдарынан Тұтынушыны қызмет көрсетуден шектеуге;
2) ұсынылған қызметтер үшін реттеуші орган белгілегеннен артық төлем ақы алуға;
3) тұтынушыдан ұсынылатын қызметтерге төлем құжаттарын ұсынбай ай сайын ақы төлеуді, сондай-ақ, ұсынылатын қызметтерге алдын ала ақы төлеуді талап етуге тыйым салынады.
8.3. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін, не Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгеше түрде бұзатын іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

9 **9. Тараптардың жауапкершілігі**
9.1. Жабдықтар мен инженерлік желілерді тиісінше ұстау үшін жауапкершілік оның меншік несіне жүктеледі және тенгерімдік тиесілілік болу шекаралары бойынша айқындалады.
9.2. Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда, кінәлі тарап екінші тарапқа заңнамаға сәйкес немесе соттың анықтауымен келтірілген зиянның орнын толтырады.
9.3. Ұсынылған қызметтер көрсеткені үшін төлемнің мерзімі өткен жағдайда Тұтынушы Шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландырудың 1,5 есе ставкасынан аспайтын мөлшерде осы сомаларды төлейтін күнде қолданылатын, әрбір мерзімі өткен күн үшін, бірақ негізгі борыш сомасын негізге ала отырып есептелген тұрақсыздық айыбын төлейді.
9.4. Тұрақсыздық айыбын есептеудің басталу мерзімі, егер Тараптардың келісімімен өзгеше айтылмаған болса, айдың 26-шы күнінен басталады.
9.5. Егер Қызмет беруші үшін Тұтынушыға Қызмет беруішімен шартпен қатынастарда тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен қызметтер көрсету ісіне мүмкін болмаса, Тұтынушы алдында Қызмет беруші жауап береді.
9.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.
9.7. Құжаттан расталған ауыр материалдық шығынға немесе уақытша еңбекке жарамсыздыққа әкеп соқтыраған ауырған немесе жазатайым оқиға кезінде Тараптардың келісімі бойынша Тұтынушыға оның жазбаша өтініші бойынша өсімпұл есептеу жөнінде мерзім ұзартылуы мүмкін.

10 **10. Форс-мажор мән-жайлары**
10.1.Тараптардың бір де біреуі форс-мажор мән-жайлары басталған жағдайда, яғни Шарттың талаптарын орындамауға немесе тиісті орындамауына әкеп соқтырған өнерімлес күш жағдайлары (табиғи апат немесе болжау немесе алдын алу мүмкін емес өзге де жағдайлар), сондай-ақ әскери іс-қимылдар, ереуілдер және д басқа да жағдайлар басталған жағдайда басқа тараптың алдында жауапты болмайды.
Өнерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Қызмет көрсетуші олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл туралы Тұтынушыларға ресми бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлайды.
Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері өнерілмес күш жағдайларының әрекет ету мерзімінде, бірақ осындай жағдайлар Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқталуы мүмкін.
Егер өнерілмес күш жағдайы 3 және одан да көп айларға созылған жағдайда, Тараптардың әркайсысы басқа Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде жиырма күнтізбелік күнінен кешіктірмей алдын ала хабарлаған кезде Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар 30 күн күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуды жүргізуге міндеттенеді.

11 **11. Жалпы ережелер және дауларды шешу**
11.1. Тараптар өздерінің құқықтық қатынастарында Шартты және қолданыстағы Қазақстан Республикасының (ҚР) заңнамаларын басшылыққа алады.
11.2. Қызметтер көрсетуді ұсыну Шарты Тұтынушының белгіленген тәртіппен іс жүзінде желілерге бірінші қосу сәтінен бастап күшіне ен